



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№15 (819) Сәрсенбі 12 сәуір 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӘЗЕРБАЙЖАН ПРЕЗИДЕНТТЕРІ КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен кездесу өткізді.

Келіссөздер алдында «Ақорда» резиденциясында ресми қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қаруының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді. Содан кейін екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен келіссөз кеңейтілген құрамда жалғасты.

Шынайы стратегиялық серіктестік

Тараптар саяси, сауда-экономикалық, көлік-транзиттік, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аудара отырып, Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың негізгі мәселелерін жан-жақты талқылады. Мемлекет басшысы екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайту үшін Әзербайжан Президентінің бұл сапарының маңызы зор екенін айтты. – Әзербайжан – бізге маңызды және сенімді серіктес қана емес, бауырлас әрі жақын

мемлекет. Ғасырлар бойы қалыптасқан достық пен өзара қолдаудың мызғымас байланыстарына сүйене отырып, біз бүгінде шынайы стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухында дамып келе жатқан тиімді мемлекетаралық ынтымақтастықты жолға қойдық. Елдеріміз арасында қарқынды және сенімді саяси диалог орнады. Үкімет деңгейінде үйлесімді жұмыстар атқарылып, көпжақты платформалар аясында сындарлы өзара іс-әрекет жүргізіліп келеді, – деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасында ауқымды шарттық-құқықтық база қалыптасқанына тоқталды. – Біз былтыр Стратегиялық қатынастарды нығайту және одақтастық ынтымақтастықты тереңдету туралы декларацияға, сондай-ақ Ұлттық ынтымақтастықты дамытудың 2026 жылға дейінгі кешенді бағдарламасына қол қойдық. Бүгін тағы бірқатар маңызды құжат қабылданды. Сонымен қатар, Сіздің бүгінгі сапарыңыз аясында ынтымақтастығымыздың саяси тұғырнамасына тын серпін беретін Жоғары мемлекетаралық кеңес құрамыз. Бұл екіжақты қатынастарға тын серпін беретін сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы. Быыл Әзербайжанда Қазақстанның мәдениет күндері өтеді Президенттер екі елдің сауда-экономика саласындағы

қарым-қатынастарының айтарлықтай ілгерілеп келе жатқанына көңілдері толатынын мәлімдеді. Былтыр екіжақты тауар айналымы 40 пайызға артып, жарты миллиард долларға жетті. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Әзербайжанның экономикалық әлеуетін толыққанды пайдалана отырып, бұл көрсеткішті 1 миллиард долларға дейін жеткізуге мүмкіндік бар деп санайды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы қазақ-әзербайжан қатынасын нығайтуда мәдениет саласындағы ынтымақтастық ерекше рөл атқаратынына назар аударды. «Екі елдің мәдени өңкүндігін өткізу туралы уағдаластықты ерекше атап өткім келеді».

Биыл Әзербайжанда Қазақстанның мәдениет күндері өтеді

Бүгін біз құрметті Әзербайжан Президентімен бірге көрнекті мемлекет қайраткері Гейдар Әлиев атындағы көшені ашамыз. Бұл игі шара Әзербайжан халқының біртуар перзентінің жүз жылдығына орай өткізіліп отыр. Елдеріміздің шынайы достығы мен өзара қолдауының тағы бір айқын дәлелі – қазақ халқының Әзербайжанға тартуы Физули қаласындағы Құрманғазы атындағы балалар шығармашылық орталығы. Бұл нысанның құрылысы қарқынды

жүріп жатқаны жөнінде маған мәлімдеді. Осы маңызды нысанның іске қосылуын жуық арада көре аламыз деп ойлаймын. Біз гуманитарлық байланыстарды жан-жақты дамытып, ортақ рухани және мәдени құндылықтарды байытуға ниеттіміз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ұлтымақтастық пен одақтастықтың жаңа деңгейі

Өз кезегінде Ильхам Әлиев Астанаға шақырғаны және қазақ халқының дәстүрлі қонақжайлылығы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа тағы да алғыс айтты. – Ең алдымен, Қазақстанға ресми сапармен шақырғаныңыз үшін тағы да алғыс айтамын. Бауырлас қазақ жеріне келгеніме қуаныштымын. Біздің қарым-қатынасымыз нығайып келеді. Халықтарымыздың арасындағы байланыстың тарихы терең әрі біз әрдайым бірбірімізге бауыр ретінде қараймыз. Бүгін осы берік іргестің негізінде келешегімізді бірге құрып жатырмыз. Біз бұған дейін талқылаған ынтымақтастықтың барлық саласының әлеуеті мол. Гуманитарлық саладағы ынтымақтастықтың айрықша маңызды екенін айта кеткім келеді. Қазақстанның Әзербайжандағы, сондай-ақ Әзербайжанның Қазақстандағы мәдениет күндерінің ұйымдастырылуы елдерімізді одан әрі жақындата түсіп, халықтарымыздың терең тарихы мен бай мәдениетін паш етеді. Біздің ойымызша, мемлекетаралық қарым-қатынасымыздың негізі – осы гуманитарлық сала. Әрине, екі тараптың да мүддесіне сай салалар аз емес. Біз, шын мәнінде, өзара ынтымақтастық пен одақтастықтың жаңа деңгейіне көтеріліп жатырмыз, – деді Әзербайжан Президенті. Мәртебелі мейман екіжақты қарым-қатынастар бойынша ауқымды мәселелер көтерілгені және халықаралық мәселелер жөнінде жан-жақты келіссөздер жүргізілгенін айтты. Келіссөздердің қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев Бірлескен Мәлімдемеге және Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының Жоғары мемлекетаралық кеңесін құру туралы Хаттамаға қол қойды. Әзербайжан Президентінің Астанаға ресми сапары аясында бірқатар екіжақты құжаттарға қол қойылды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кейінгі кезде облыс көлемінде кәметелетке толмағандар жасаған құқық бұзушылықтарға, Қазалы ауданында жасөспірімдер арасында орын алған төбелеске байланысты шұғыл жиын өткізді.

БАҚЫЛАУСЫЗ БАЛА БАССЫЗДЫҚҚА БАРАДЫ

Жиынға облыс әкімінің орын басарлары, қала, аудан әкімдері, полиция департаментінің басшылығы қатысты. Нұрлыбек Машбекұлы Қазалы ауданында бұған дейін де жаппай төбелес болғанын, аудан әкімі мен жергілікті полицияның осы жағдайға жол беріп, әрекетсіздік таңыпқанын қатаң сынға алды.

Бұған қоса Қызылорда қаласындағы №217 мектеп оқушылары суық қару қолданған. Байқоңыр қаласындағы №275 мектепте де төбелес тіркелді. Жалағаш кентінде де екі мектеп оқушылары арасында жанжал шыққан.

Жиынға полиция департаменті басшысының міндетін атқарушы Шамшидин Әмитов пен Қызылорда қаласы, Қазалы және Жалағаш аудандарының әкімдері, облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет жағдайға байланысты түсінік берді. Облыс әкімі жастарды әлеуметтендіру бағытындағы шаралардың жеткіліксіздігін, тәрбие жұмыстары тек есеп беру үшін өткізілетінін айтты. Жауаптылар оқнаның алдын алудың орнына үнемі салдарымен күреседі. Аймақ басшысы төбелестің

шығу себебін анықтап, шұғыл шара қабылдауды тапсырды.

Мұндайға жол берген, уақытты бақылау жасамағандар лауазымды тұлғалардың барлығына тиісті шара көру керек. Аймақ басшысы бұл жағдайда ата-аналар өз жауапкершілігін сезіну керектігін ескертті. Бала тәрбиесін мектепке жүктеп қоюға болмайды.

– Бәріміз де ата-анамыз. Әрбір ата-ана азадан мектепке шығарып салған баласының үйге есен-сау оралатынына сенімді болуы керек. Ал полиция мен мектеп бұған қол жеткізе алмай отыр. Қызылорда қаласы мен Қазалы, Жалағаш ауданы бойынша полиция бөлімдерінің жауапкершілігі қаралсын. Сонымен қатар, аталған мектеп директорлары мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына да осы жағдайға жол бергендері үшін тиісті шара қолданылсын, – деді облыс әкімі.

Жиын соңында жауапты басшыларға қала мен барлық ауданда рейд ұйымдастыру, ата-аналар мен жасөспірімдер арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

«Ел тілегі» ақпарат



ҮШЕМДЕР ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Байқоңыр қаласының 31 жасар тұрғыны «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында Айлин, Анель, Адель есімді сәбилерді дүниеге әкелді. Әйгерім Әлімханованың бұл бірінші жүктілігі болатын. Шақалатар 1180, 1200, 1400 грамм болып туылған.

Балалар Байқоңыр қаласында туылып, сол күні санитарлық авиация желісі арқылы облыстық перинаталдық орталыққа жеткізіліп, орталық неонатологтарының ерекше күтімінде болды. Қазіргі таңда анасы мен балалардың денсаулық жағдайлары жақсы.

Өздеріңізге белгілі, 2021 жылдан бастап елімізде қосалқы репродуктивті технологиялардың көмегімен отбасылық-демографиялық проблемаларды шешуге жәрдемдесу мақсатында «Аңсаған сәби» арнаулы бағдарламасы іске

қосылған болатын. 2021 жылы аймағымызға бөлінген 281 квота өткен жылдың қараша айына дейін толық игерілді. 2021 жылы ЭКУ арқылы 119 бала туылып, 3 отбасында егіз сәбилер дүниеге келген. Ал 2022 жылға «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша 277 квота бөлініп, бүгінгі таңда 277-і жолданып, орындалу үлес салмағы 100%-ды құрап отыр. 2023 жылға арнайы бағдарлама бойынша 274 квота беріліп, бүгінгі күні 92 игерілді. 182 квота ағымдағы жылдың қараша айына дейін игерілетін болады.

БАСПАСӨЗ – 2023 ІІ-ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖАЛҒАСУДА

Республикалық «Ел тілегі» газеті және «Жарасымды жанұя» журналы өңірдегі елеулі оқиғаларды бүкпесіз жеткізіп, халық пен биліктің арасын жалғайтын алтын арқауға айналып, көптің ықыласына бөленіп келеді. Еліңіздің тілегін тыңдап, отбасыңыздың жарасымын ойласаңыз қос басылымға жазылыңыз.

«Ел тілегі» газетіне жазылу бағасы 6 айға – 2500
«Жарасымды жанұя» журналына жазылу бағасы – 2850

Екінші жарты жылдыққа газет пен журналдарға жазылыңыздар

3 сәуірден 25 маусымға дейін – кез келген қазақстандық мерзімді басылымға.
Ал 3 сәуірден 10 маусымға дейін – шетелдік басылымдарға.

1499 www.post.kz

Толығырақ «Kazpost» АҚ-жанды маңдайы бөлімшесінен білуге болады

2023

Оформите подписку на газеты и журналы на второе полугодие

С 3 апреля по 25 июня – на казахстанские периодические издания.
С 3 апреля по 10 июня – на зарубежные издания.

1499 www.post.kz

Подробности можно узнать в ближайшем отделении АО «Kazpost»

2023



Сүлеймен Сағатбек Болатбекұлы

Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігінің
Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы



Асанова Мәлдір Әбдіғалпарқызы

Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігінің
Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының
орынбасары

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

Қазақстан Республикасы Президентінің «ҚР Сот әкімшілігінің кейбір мәселелері туралы» 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 106 Жарлығына сәйкес «Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісі» атауы – «Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті» болып өзгертілді.

Жарлық негізінде Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі басшысының бұйрығымен Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы болып Сүлеймен Сағатбек Болатбекұлы тағайындалды.

Сүлеймен Сағатбек Болатбекұлы 1962 жылы жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Еңбек жолын 1987 жылы Қармақшы аудандық ауыл шаруашылық басқармасында аға заңгер болып бастаған. 1988-1989 жылдары Шиелі, Қазалы аудандық прокуратурасының стажер-прокуроры; 1989-1992 жылдары Қазалы аудандық прокуратурасының тергеушісі, 1992-1995 жылдары Қызылорда облысы прокуратурасының бөлім прокуроры, прокурор-криминалисті, ҚР Бас Прокуратурасының аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі; 1995-1997 жылдары ШҚО, Курчатов қаласының арнайы прокуроры;

1997-2022 жылы Байқоңыр қаласының арнайы прокуроры; 2002-2003 жылдары Қызылорда облыстық прокурорының аға көмекшісі; 2003-2007 жылдары Қызылорда қалалық сотының судьясы; 2007-2011 жылдары Шиелі аудандық сотының төрағасы; 2011-2015 жылдары Қызылорда қаласының №2 сотының төрағасы; 2015-2017 жылдары Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы; 2017 жылы ҚР Бас Прокурорының аға көмекшісі, Құқықтық қамтамасыз ету орталығының департамент басшысы; 2018-2020 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің персоналды басқару бөлімі менгерушісінің орынбасары; 2020-2021 жылдары ҚР Жоғарғы Соты төрағасының кеңесшісі; 2021 жылдан бастап

қазіргі уақытқа дейін Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің басшысы қызметін атқарып келеді.

Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі басшысының бұйрығымен Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысының орынбасары болып Асанова Мәлдір Әбдіғалпарқызы тағайындалды.

Асанова Мәлдір Әбдіғалпарқызы 1985 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Еңбек жолын 2009 жылы Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінде іс тіркеуші болып бастаған. 2009-2015 жылдары Қызылорда қалалық сотының жетекші маман-сот отырысының хатшысы, бас маман-сот отырысының хатшысы, бас маманы; Қызылорда облысының қамалетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы; 2015-2017 жылдары Қызылорда облысының қамалетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кенсе менгерушісі; 2017 жылдан бүгінгі күнге дейін Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісі басшысының орынбасары қызметін атқарып келеді.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ІСТЕРІ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Қызылорда облысының қамалетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Сабиров А. баспасөз конференциясын өткізді. Баспасөз конференциясына жергілікті басылмалы тілшілері қатысты. Төраға Сабиров А. аталған уақытта сотта қаралған қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің қозғалысын 2022

жылдың 3 айымен салыстырмалы түрде атап өтті. Статистикалық мәліметтерге қарағанда есепті кезеңде 2023 жылғы 3 айында соттың өндірісіне 1 азаматтық іс және 150 талап қою түскен, өткен жылы осы мерзімде 1 азаматтық іс және 139 талап қою түскен. Сонымен, түскен талап қоюлар саны 11-ге (7.3%) көбейген. 2023 жылдың 3 айында 27 азаматтық іс қараусыз қалдырылған. 2022 жылдың

3 айында 10 іс, яғни қараусыз қалдырылған істер саны өткен жылмен салыстырғанда 17 іске немесе 65% көбейген. Есепті кезеңде 14 іс қысқартылған, олардың барлығы да медиация тәртібімен қаралған. Сотқа дейінгі хаттама жасау тәртібімен 2 азаматтық іс қаралған. Шараны қорытындылай келе, сот төрағасы Сабиров А.А. БАҚ өкілдерінің барлық сұрақтарына жауап берді.

ДЕМОКРАТИЯҒА ДЕМ БЕРУ

Жүздеген жылдан бері адамзат толерантты, адам құқығын бәрінен биік қоятын жүйеге ұмтылып келеді. Бұл құбылысқа бағыс елдері демократия атауын беріп, оның шыңына шығуды мақсат еткен. Қазақстан да Кеңес боданынан босап, азаттыққа аяқ басқалы даму жолы ретінде демократияны таңдады. Оның мүддесіне бағытталған талаптарды Заңға енгізіп, жыл өткен сайын жетілдіріп келеді. Жақында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аспауға мен басқа да қатығыз, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу және сотталған адамдардың құқығын кеңейту туралы Заңға қол қойды.

Расын айту керек, көпшілік айтып жүрген темір тордың арғы жағындағы тіршілік жан тұрғыштары. Олар бұрын тергеу амалдарын жүргізетін құзырлылардың кінәні мойындау мақсатында күдіктіні қалай қинайтыны туралы БАҚ беттерінде біршама рет жарияланды. Алысқа бармай-ақ, кешегі Қаңтар оқиғасынан кейін адамдардың арқасына үтік басып қинаған жайттар елде резонанс тудырды емес пе?! Президент сол тұста қызметін асыра пайдаланып, аспауға барған полиция қызметкерлерін тауып, тиісті жазасын беруді тапсырған. Ендігі мұндай іс-әрекет жазасыз қалмайды. Себебі кезекті қабылданған заң – елімізде жүргізіліп жатқан саяси және құқықтық реформалар аясында Қазақстанның аспауға мен қорлаудың басқа да түрлерін жоюға, осы мәселе бойынша халықаралық нормаларды ұлттық заңнамаға енгізуге, сондай-ақ сотталғандардың құқығын кеңейтуге, түрдегі теріс субмәдениеттің қалыптасуына

жол бермеуге бағытталған жүйелі қадамдардың жалғасы. Әрбір адамның өмір сүруге құқығы бар. Бұл демократия жолымен дамушы елдің ұстануы тиіс басты қағидасының бірі. Сол сияқты аталған жол адам жанын қинауға үзілді-кесілді тыйым салады. Президент қол қойған Заңда да осы мүддені көздейтін бірнеше норма қарастырылды. Мәселен, қатығыз немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас үшін жауапкершілік қарастырылып, бұл үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту шаралары қатандатылады. Сонымен бірге заңсыз әрекеттердің алдын алу үшін тергеу амалдары кезінде аудио және бейне таспалау жүйесін қолдану мүмкіндіктері кеңейтіледі. Бұл міндет айыпталушының азап көргенін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Заң сотталған адамдарға бірқатар қосымша құқық береді. Атап айтсақ, ауыр сырақатқа шалдыққан жағдайда оларға жазаны өтеу мерзімін кейінгі қалдыру құқығы беріледі.

Демек, жазасын өтеу күндерін медициналық мекемеде шұғыл ем алып шыққаннан кейін қайта жалғастырады. Оның үстіне бұрын сотталғандар соттың шешімі заңдық күшіне енгеннен кейін ғана босатылатын. Бұдан былай сотталған адамды ауыр дертке шалдығуына байланысты жазасын өтеуден босату туралы сот шешімі дереу орындалады. Бұдан бөлек сотталған әйелдер мен олардың балалары арасындағы әлеуметтік байланысты сақтау үшін оларға өз балаларын колонияда қалдыруға рұқсат ету мерзімі 3 жылдан 4 жылға ұзартылды. Ал бұрын сотталған адамдардың бірінші рет істі болған азаматтарға теріс ықпал етуіне жол бермеу үшін сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесіндегі мекемелерге бөлу тәсілдері өзгерді. Енді бірінші рет сотталғандар бас бостандығынан айыру жазасын бұрын сотталғандардан бөлек жерде өтейді. Бұл заңға бағыну шылқ мінез-құлық қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Риянат ӘБДІҚАЛЫҚ

СУДЬЯЛЫҚ ӘДЕП КОДЕКСІ

Қазақстан Республикасының судьялары, Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын басшылыққа ала отырып;

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті ережелерінің, БҰҰ Бас Ассамблеясының Қарарымен мақұлданған сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидаларының маңыздылығын сезіне отырып;

судьялардың тәуелсіздігі, объективтілігі, теңдігі, адалдығы мен сатылмайтындығы, құзыреттілігі мен ұқыптылығы және әдеп нормаларын сақтау туралы судьялардың жүріс-тұрысының Бангалорлық қағидалары мен қағидаларын ескере отырып;

үстемдікті құқық пен демократияның, ал сот билігінің тәуелсіздігін әділ сот талқылауына деген құқықтың базалық элементі ретінде мәлімдей отырып;

азаматтардың, қоғамның адамгершілік, адалдық пен сатылмайтындық мәселелерінде биліктің сот тармағына, сондай-ақ сот жүйесінің беделіне деген сенімі қазіргі демократиялық қоғамда аса маңызды рөлге ие екендігін мойындай отырып;

осы Судьялық әдеп кодексін (бұдан әрі – Кодекс) қабылдай отырып, жұмыс істеп жүрген судьялар мен отставкадағы судьялар үшін жүріс-тұрыстың мынадай әдеп қағидаларын белгілейді.

1-бап

Судья берген аңғына берік болуға, қоғамдық қызмет пен тұрмыстық жағдайда кез-келген әрекеттерді жүзеге асырған кезде, әлсіз жүріс-тұрыстың көріністеріне жол бермей, судья лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауға тиіс.

Судья заң үстемдігін және сот органдарының тәуелсіздігі қағидаларын қорғауға және жүзеге асыруға тиіс.

Судья сот билігінің беделін түсіруге әкеп соғуы және судьяның абыройына нұқсан келтіруі мүмкін кез келген іс-әрекеттерден аулақ болуға тиіс.

2-бап

Судья өзінің кәсіби қызметін атқарған кезде заңға бағынуға және кез келген сырттан ықпал етуге жол бермеуге, кімнен шыққандығына қарамастан қорқытуға, қысым жасау мен құқықтық емес әсерлерге, сот процесіне тікелей немесе жанама араласуға қарсы тұру қажет. Судья сот отырысын жүргізудің жоғары мәдениетін қамтамасыз етуге, өзін лайықты, әдепті ұстауға және процеске қатысушылар мен өзге де сот отырысына қатысушы адамдардан сондай қарым-қатынасты талап етуге және сот төрелігінің әділдігі олардың күмәнін туғызбауы үшін шаралар қолдануға тиіс.

Судья қабылдайтын процесік шешімдердің заңдылығы мен негізділігі қандай да бір жария талқылауға немесе оның қызметін қандай да бір бағалауға қарамастан қамтамасыз етілуіне тиіс.

Судьяның кәсіби міндеттерін атқарған кездегі жүріс-тұрысы судьяның адалдығы мен сатылмайтындығы туралы қоғамның сенімділігін қалыптастырып, нығайтуы тиіс.

Сот төрағасы (алқа төрағасы) ұйымдастырушылық-өкілеттіктерді жүзеге асырған кезде судьялардың тәуелсіздігін шектейтін іс-әрекеттерге жол беруге, оларға қысым көрсетуге, сондай-ақ судьялардың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне ықпал ету мақсаты бар өзге де әкімшілік ықпал ету әдістерін қолдануға құқылы емес.

3-бап

Судья заңды күшіне енген сот шешімдерінің заңдылығына қатысты жария мәлімдемелерден және сот жүйесінің абыройын түсіріп, сот төрелігінің мүдделеріне залал келтіруі мүмкін түсіндірмелерден тартынуға тиіс.

Аталған ережелер судьяны бірінші сот практикасын әзірлеу мақсатында сот шешімдерін құқықтық талдаудан және істерді қарау нәтижелері бойынша жария пікірталастан шектемейді.

4-бап

Судьяның соттан тыс жердегі жүріс-тұрысы, оның процеске қатысушылармен өзара қарым-қатынасы соттың тәуелсіздігі туралы қоғамның сенімділігін сақтауға ықпал етуге тиіс.

Судья нақты сот ісі бойынша іске қатысушы адамдармен, олардың өкілдерімен, прокурормен, адвокатпен, өзге де мүдделі адамдармен процесік және өзге де заңнамада көзделмеген кез келген қарым-қатынас деп түсінілетін процесік емес байланыстарды, егер осы іс-әрекеттер судьяның объективтілігіне және бейтараптылығына негізделген күмәнді туындауына алып келуі мүмкін болса, болдырмауға тиіс.

5-бап

Судья заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерді жалпылама, негізделмеген сынға алудан тартынуға тиіс.

Аталған ереже судьяға құқықтық нормаларды түсіндіруге, түсініксіздік, қарама-қайшылық себептер бойынша немесе өзге де негіздер бойынша оларды бағалауға байланысты өзінің пікірін жалпы ғылыми-практикалық пікірталастарға, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, семинарларға немесе басқа да ресми іс-шараларға қатысу арқылы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында білдіруге келергі келтірмейді.

Судья өз білімін арттыру, практикалық тәжірибе мен жеке қасиеттерін жетілдіру мақсатында, үздіксіз оқу мен өз бетінше білім алу тәсілдерін пайдалана отырып, үнемі шаралар қолдану қажет. Ұлттық заңнамамен қатар судья ратификацияланған конвенциялар мен өзге де негіз қалаушы халықаралық актілер туралы хабардар болуға тиіс.


6-бап

Судьяның кәсіби қызметі саяси мақсатты көздейтін саяси партияда немесе қоғамдық бірлестікте мүше болумен үйлеспейді. Ол осындай ұйымдарды қолдап жария сөз сөйлеуге, олардың саяси өміріне қатыспауға тиіс.

Судья нақты іс бойынша шешім шығаруға байланысты емес мемлекеттік, саяси қызметтік регламенттелмеген жария бағалаудан аулақ болуға тиіс.

Осы баптың ережелері судьяның саяси және қоғамдық өмірдің кез келген мәселелері бойынша пікір білдіру бостандық құқығын шектеу ретінде қаралуға тиіс емес.

7-бап



Жұртшылық тарапынан болып тұратын тұрақты назар судьяға өзіне бірқатар шектеулер қою міндетін жүктейді. Судья беделіне нұқсан келтіретін қоғамдық іс-шаралар мен өзге де көпшілік орындардан аулақ болуға тиіс.

8-бап

Судья міндеттерін орындаған кезде өзінің діни наным мен ұстанатын дінін көрсетуден тартынғаны жөн.

Ар-ождан бостандық құқығын жүзеге асырған кезде, судья сот билігінің абыройына күмән туғызбау үшін, барлық жағдайларда ұстамдылық пен сабырлықты сақтауға тиіс.

9-бап

Судья сот қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарында кәсіби көрсетуіне ықпал етуге тиіс. Судья бұқаралық ақпарат құралдарына істі қараудың процесік сатылары туралы мәліметтерді, қабылданған сот шешіміне түсіндірмелерді, материалдық және процесік құқықтық нормаларын қолданудың қалыптасқан сот практикасы туралы ақпаратты бере алады.

Егер судьяның қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында оның беделіне негізсіз нұқсан келтіріліп көрсетіле, онда өз құқықтарын қорғаудың өзге тәсілдері таусылған айрықша жағдайларда судьяға ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау мақсатында құқық қорғау және сот органдарына жүгінуге болады.

10-бап

Судья сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне байланысты сыйлықтарды, жеңілдіктерді, артықшылықтарды, өтеусіз көрсетілген қызметтерді өзі де алмағаны және отбасы мүшелеріне де, процесік тәуелді адамдарға да алуға рұқсат бермегені жөн.

11-бап

Судья жеке таныстық пен байланыстарға талғампаз болуға тиіс, одан қызметтік тәуелділіктегі адамдармен, сондай-ақ оның өндірісіндегі істер бойынша сот процесінің қатысушылары болып табылатын адамдармен қаржылық міндеттемелерді туындататын азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасасудан аулақ болуға тиіс.

Судьяға оның қызметтік жағдайына байланысты белгілі болған құпия ақпарат сот төрелігін іске асыруға байланысты жоқ кез келген өзге мақсаттарда пайдаланылуы және кімге болсын ашылуы мүмкін емес.

12-бап

Судья өз беделі мен отбасы мүшелерінің беделі туралы ойлау керек және қызметтік жағдайын өзінің жеке мүдделеріне, отбасы мүшелерінің және басқа да адамдардың мүдделеріне пайдаланбауы тиіс.

Үміткер, судья лауазымына іріктеуге қатысу кезінде, сондай-ақ, судья өз өкілеттігін жүзеге асыру барысында, отбасылық және мүдделер қатығысына жол бермеу қажет.

Отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының қылмыс жасаған фактісі туралы судья белгіленген тәртіптен уәкілетті органның кадр қызметіне шынайы ақпаратты кідіріссіз ұсынуы тиіс.

Судья кәмеелетке толмаған балаларын асырау, тәрбиелеу, ата-анасы мен басқа да отбасының еңбекке қабілетсіз мүшелерін асырау жөніндегі заңдық міндеттерін тиісінше орындау үшін күш-жігерін салғаны жөн.

Судья өз отбасы мүшелерінің материалдық мүдделері туралы хабардар болуға және ол үшін ақылға қонымды шаралар қолдануға тиіс.

Судья өз отбасы мүшелеріне, жақын туыстарына және басқа да адамдарға оның сот төрелігін іске асыруға байланысты іс-әрекеттеріне ықпал етуге жол бермеуі тиіс.

13-бап

Осы Кодексте белгіленген жүріс-тұрыс қағидаларын атқарып отырған қызметіне қарамастан Қазақстан Республикасының барлық судьялары, сондай-ақ отставкадағы судьялар орындауға тиіс.

Судьялық әдепке байланысты қандай да бір мәселелер осы Кодекспен реттелмеген жағдайларда, судья жалпы қабылданған мораль мен адамгершілік қағидаларын, сондай-ақ сот төрелігін іске асыру мен судьялардың жүріс-тұрыс саласындағы халықаралық стандарттарды ұстануға тиіс.

Судья судьялар қауымдастық органына жүріс-тұрысының мүмкін моделінің судьялардың нақты жағдайдағы жүріс-тұрысының әдеп қағидаларына сәйкестігі туралы сұрау салып, жүгінуге құқылы. Судьялар қауымдастығының мұндай сауалды қарау нәтижелері жөніндегі жауабы ұсынымдық мәнде болады.

14-бап

Сот билігінің беделін түсіруге әкеп соққан және судьяның абыройына нұқсан келтірген осы Кодекстің ережелерін бұзу судьяның заңға сәйкес тәртіптік жазаға тарту үшін негіз болып табылады.

Азаматтардың шағымы бойынша осындай бұзушылықтар үшін судьяларға қатысты қоғамдық ықпал ету шаралары да қолданылуы мүмкін.

15-бап

Осы Кодекс судьялар үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және ратификацияланған халықаралық актілерде көзделген өз құқықтарын еркін және кедергісіз іске асыруға қандай да бір шектер мен шектеулерді белгілеу мақсатын көздейді.

Осы Кодекстің ережелері Кодекс қабылданған сәттен бастап күшіне енеді және оларды Қазақстан Республикасы судьяларының сөзсіз өзгертуі, толықтыруы немесе күшін жоюы мүмкін.

Осы Кодекс қабылданғаннан бастап 2009 жылғы 18 қарашала Қазақстан Республикасы судьяларының V съезінде қабылданған Судья әдебі кодексінің күші жойылады.

БЫЛТЫР АУДАНДА 23 НЕКЕ БҰЗЫЛҒАН

Халқымызда «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағида бар. Мұның мағынасы билік айтушы ешкімді алааламайтын адал, қара қылды қақ жарған әділ болуы керек дегенді білдіреді. Сондықтан, сот судьялары мындаған адамның тағдыры мен дауын шешіп, олардың құқығы мен бостандығын қорғайды. Қазір сот саласы уақыт талабына сай жаңа деңгейге көтерілді. Осы тұрғыда Жалағаш аудандық сотында атқарылып жатқан жұмыстармен танысу мақсатымен Жалағаш аудандық сотының төрағасы Асылхан Мизанбаевпен әңгімелескен едік.



Былтыр аудандық сотта барлығы 656 іс қаралып, аяқталған. Оның ішінде 286-сы азаматтық, 77-сі қылмыстық іс болса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы 293 іс қаралған. Аяқталған 286 азаматтық іс шенберінде 39 сот бұйрығы мен 119 шешім шығып, 98 іс тоқтатылған. 27 арыз қараусыз қалдырылса, үшеуі басқа да соттың қарауына жолданған. Үстіміздегі жылдың 12 айдағы жергілікті соттың жұмысын саралаған төраға тоқтатылған азаматтық істерді де назардан тыс қалдырмады. Мәселен, ол тоқтатылған азаматтық істердің 96-сы медиация бойынша жүзеге асырылғанын айтады. Оның ішінде сотқа дейінгі хаттама негізінде 74 іс, татуласу келісімімен жасалған 1 іс аяқталған. Яғни бұрын осы талап бойынша 1 рет сот шешімі қабылданған.

Былтыр азаматтық істер бойынша ең көп қаралған даулардың қатарында шарт бойынша міндеттемен туындаған даулар, яғни банк заем шарты, қарыз ақша өндіру көп болыпты. Бұл бағытта 137 іс қаралған. Асылхан Мизанбаев өткен жылы ажырасу жағдайының да аз болмағанын айтады. Мәселен, былтыр ауданда 23 неке бұзылған.

«Ажырасу бүгінгі қоғамдағы басты мәселе болып тұр. Көп жағдайда біз ерлі-зайыптыларды татуластыруға тырысамыз. Тіпті қайта ойлануға уақыт береміз. Уақыт берудің де отбасыны сақтап қалуға пайдасы бар. Бала тағдыры тұрғанын кейін ажырасу деген оңай шешіле салатын іс емес. Дегенмен кейбір жағдайлар болады, жолдасы ішкілікке салынып, отбасына қарамай кетсе бір жөн. Салмақты себебі бар. Біреудің қызын жар етіп алғанын кейін ер азаматтар бойдағы жауапкершілікті оселеу керек. Соңғы кездері ажырасуға шағым көптеп түсіп жатады. Екі жақтың сөзін тыңдап, шағымын қанағаттандыруға да болады. Бірақ бұлай жасай берсек, отбасы құндылығы қайда қалады? Сондықтан біз оларды аудандағы билер кеңесіне, ардагерлер мен әйелдер кеңесіне жібереміз. Кейбірі солардың ақылын тыңдап, райынан қайтып, отбасының тыныштығы мен берекесін, балаларының болашағын ойлап татуласып, бітімге келіп жатады. Әрине бұл қуантарлық. Ал кейбірі өкінішке орай алған бетінен қайтпай тұрып алады, – дейді Асылхан Мизанбаев.

Аудандық соттың төрағасы былтыр алимент төлеуден жалтарғандарға байланысты да біршама іс қаралғанын айтады. Балаға алимент төлеуден жалтаратын әкелердің жұры мен сылтауы көп екендерін алға тартты. Бұған қатысты сауалымызға да А.Мизанбаев жауабын берді. Яғни азаматтар алимент төлей алмағанына жұмыстың жоқтығын себеп қылатынын айтады. Ал төраға мұны да себеп дегеннен сылтау деген дұрыс деп есептейді.

– Кез келген келенсіз жағдай, қылмыс, барлығының орын алуына жауапкершіліктің жоқтығы себеп болып жатады. Демек жауапкершілік деген қасиетті жіті түсінбейтін қоғамда адамдар баршылық. Солардың бірі өз баласын өзгеннен теуіп, кемелет жасқа дейін қатардан қалмауына жағдай жасауға құлықсыз жекелер. Бұндай әкелердің көбі жұмыстың жоқтығын сылтау қылып жатады. Жұмыс жоқ болса, ешқандай табыс болмаса, ол осы күнге дейін қалай күнелтіп келді? Тіпті жұмысы болып тұрып, табысы тағы болса да алимент төлеуден жалтаратындар да жоқ емес. Былтырдың өзінде кемелетке толмаған балаларды асырап бағу үшін алимент өндіру жайлы 39 талап-арыз қаралды, – дейді А.Мизанбаев.

Айта кетейік, былтыр мұнан бөлек заңдық маңызы бар фактіні анықтау жайлы 20 арыз қаралған. Ал қылмыстық істер бойынша 77 іс аяқталып, 50 іске қатысты үкім шыққан. 13 іс медиация тәртібімен татуласу арқылы тоқтатылғаны. Соттылығы бойынша 12 адам жолданып, 53 адам сотталған. Оларға тағайындалған жазаға келсек, 8 адам қоғамдық жұмысқа тартылса, 17 адамның бас бостандығы шектелген. 11 адам бас бостандығынан айырылып, 10 адамға айыппұл салынған. Ал 7 адамға шартты жаза тағайындалған. Аудандық сот төрағасы аяқталған істердің санаттарына да жеке-жеке тоқталды. Мәселен, былтыр жеңіл санаттағы 6 қылмыс, ауырлығы орташа 14 қылмыс және 32 ауыр қылмыс қаралған. Мұнан бөлек теріс қылық санатындағы 25 қылмыс қаралған. Аяқталған қылмыстық істердің ішінде ең көп қаралған қылмысқа мал ұрлығы жатады. Қылмыстың бұл түрі бойынша былтыр 5 іс қаралған. ҚК-нің 188-бабы, ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру бойынша 24 адамға қатысты 19 іс қаралған.

Ал, ҚК-нің 188-1-бабы мал ұрлау, яғни бөтеннің малын жасырын жымқыру. Бұл тұрғыда сот төрағасы қарапайым халыққа қордағы малын қолды өтпеу үшін қайтпек керек, осы сауалдың да түйінін тарқатты. Мәселен, ол кейбір мал ұрлығына тұрғындардың да немқұрайлығы себеп болатынын жасырмады. Мәселен, ауданға қарамасты ауылдық елді мекендердің бірінде мал ұрлығы орын алған. Мына қызықты қараңыз, әлгі жәбірленушінің қоржайы ұй ауласынан 10 шақырым қашықта орналасқан екен. Мұны біліп

жүрген ауыл тұрғындарының бірі оңай олжаға кенелуді көздеген. Абырой болғанда мұны жүзеге асыруға құқық қорғау органдарының өкілдері жол бермеген. Қылмыс сотта қаралып, қылмыскер өз жазасын алған.

– Өзі оңай олжаға кенелуді көздейтіндерге мұндай жағдайлар мүлде жаман ой салатыны анық. Қазақта «Өз-өзіңе сақ бол, көршіңді ұры тұтпа» деген сөз бар. Расында қоржайдың үй ауласынан қашық болғаны дұрыс емес. Мұнан кейін қордағы малды жайылымға айдап жіберетін кездер де көп. Паданың жоқтығы да барымташылар үшін тиімді болады. Сондықтан мұндай жағдайларға абай болу керек. Тіпті үйінің жанына жайылымға шығарған малды да қолды еткен жағдайлар тіркелді. Сатансақ, сақтайтынын халық естен шығармаса деймін, – дейді А.Мизанбаев.

Былтыр ҚК-нің 187-бабы бойынша, яғни 7 адамға қатысты 6 ұсақ-түйек жымқыру ісі қаралған. Есірткі затын заңсыз егу, тасымалдау бойынша 18 іс қаралып, оған 18 адамның қатысы бары белгілі болған. Сот төрағасы үй ауласына есірткі егетіндердің көбейгенін жасырмайды.

– Қаралған әкімшілік құқық бұзушылық туралы бойынша 307 іс қаралып, оның 293-і аяқталды. Оның 204-іне қатысты жаза тағайындалды. Сондай-ақ былтыр 45 іс тоқтатылып, Соттылығы бойынша жолданған 1, тараптардың татуласуына байланысты медиация тәртібімен 45 іс тоқтатылды, – дейді аудандық сот төрағасы.

Сотта қаралған істер бойынша тағайындалған жазаларға келсек, былтыр 100 айыппұл салынып, 23 ескерту берілген. 73 адам қамқал алынса, 1 адам көлік құралын басқару құқығынан айырылған. Қазақстан республикасының шегінен әкімшілік жолмен 7 адам шығарылған. Сондай-ақ көлік құралын басқару құқығынан айыру қосымша жаза ретінде 19 адамға қолданылған. Мәселен, былтыр көлік құралын алқогольді масаң күйде басқаруға қатысты 25 іс қаралған. Ал жеке бастың құқықтарына қол сұғатын, оның ішінде ұрып-соғу, отбасы-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамды ұрып соғу бойынша 35 іс қаралынты. Есепті мерзімде сотпен азаматтық істер бойынша 3, жеке ұйғарым, қылмыстық іс бойынша 2, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша 5 жеке қаулы қабылданған.

Баспа бетіне дайындаған
Зибаш ӘЛІИ
Жалағаш ауданы

ТЕРГЕУШІЛЕР МАРАПАТҚА ЛАЙЫҚ

Тергеуші қызметі қызығы мен қиындығы қатар жүретін сала. Ішкі істер органдарында ерекше орынға ие бұл саланың тарихы тереңде жатыр.

Тергеуші мамандығы қашан да шынайылық пен төзімділікті, сауаттылықты, ой ұшқырлығын талап етеді. Әр қылмыстық істің артындағы адам тағдырына деген жауапкершілік үшін ақиқаттың ақ жолынан ауытқымай, қызмет атқару кез - келген адамның қолынан келе бермейтіні шындық.

Биыл Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарындағы тергеу бөлімшелерінің құрылғанына 60 жыл толып отыр. Айтулы күнге орай, бүгін Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары полиция полковнигі Досжанов Амангелді Асқарұлы өз қызметінде ақиқат пен шындықты және әділдікті ту еткен тегеуріні мықты тергеушілерді марапаттады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен тергеу құрылымының 9 жас қызметкері төсбелгімен және олардың ата - аналары Алығы хатпен марапатталды. Департамент бастығының бұйрығымен Тергеу саласының барлығы 68 қызметкері марапатталды.

«Үздік тергеуші» номинациясы бойынша Қызылорда қалалық Полиция басқармасының тергеу бөлімінің аға тергеушісі полиция капитаны Әмірзақ Нұржан Департамент бастығының грамотасымен және «Тергеу қызметіне 60 жыл» төсбелгісімен, ал «Үздік анықтаушы» номинациясы бойынша Қызылорда қалалық Полиция басқармасының анықтау бөлімінің анықтаушысы полиция капитаны Жандуллаев Батырхан марапатталды.

«Тергеу саласының тегеуріні мықты тергеушілерін кәсіби мерекелерімен құттықтаймын! Тергеушілер мен анықтаушылардың күнделікті әрі тынымсыз еңбегі шыдамдылықты, сауаттылық пен біліктілікті қажет етеді. Атырап отырған еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік тілеймін!» деді Департамент бастығының орынбасары полиция полковнигі Амангелді Асқарұлы.

Өз кезегінде марапатталғандар еңбектері елгенге үшін алғыс айтып, Қазақстан Республикасына қалтқысыз қызмет ететіндерін құттықтайды. Жалпы, Қызылорда облысының Полиция департаментінде 100-ден астам анықтаушы мен тергеуші қызмет атқарады.

КОНСУЛЬТАТИВТІК - КЕҢЕСШІ ОРГАННЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Қызылорда облысының Полиция департаментінде Консультативтік - кеңесші органның отырысы өтті. Кеңес отырысына Консультативтік – кеңесші органның төрағасы Қызылорда облысының құрметті азаматы Ерманов Нұрмұрат Наятұлы және Кеңес мүшелері, Полиция департаментінің басшылығы қатысты.

Бүгінгі отырыс барысында Кеңес мүшелерімен қоғамдық қауіпсіздікті қогаммен серіктестікте қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасы талқыланды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қоғамдық қауіпсіздікті қогаммен серіктестікте қамтамасыз етудің 2024 – 2028 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасын шетелдердің үздік тәжірибесіне сүйене отырып әзірлеуге кірісті. «Әкімдер мен мемлекеттік органдарды осы іске белсенді тарту, барлық мүдделі азаматтармен әріптестік орнату, қоғамдық қауіпсіздік мәселелері бойынша есептіліктің ашық жүйесін құру жоспарлануда. Бюрократиялық қогам сұраныстарынан арылып, полиция жұмысының адамға бағытталған моделіне көшу жөніндегі шаралар бекітілетін болады.

Тұжырымдама негізгі 3 стратегиялық бағыт және 19 міндет қарастырылады. Бұл тұжырымдама орындалғаннан кейін елде құқық бұзушылықтың алдын алудың тұтас жүйесі қалыптастырылып, азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау бойынша әлемнің 40 еліне, жол қауіпсіздігі бойынша әлемнің 70 елінің қатарына кіру жоспарлануда» деп атап өтті баяндама жасаған Қызылорда облысы Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы полиция полковнигі Бауыржан Ибраев.

Полиция департаментінің бастығы полиция полковнигі Қожабаев Мұхтар Аманқұлұлы тұжырымдаманың алғашқы стратегиялық бағытының маңыздылығына тоқталды. Атап айтқанда, азаматтардың өмірі, денсаулығы мен мүлкінің қорғалу деңгейін арттыру мәселесін ерекше атап өтті. Кеңес мүшелері еркін пікір алмасып, ұсыныс – тілектерін ортаға салды. Өз кезегінде Консультативтік-кеңесші мүшесі, Ішкі істер органдарының Құрметті ардагері, облыстық мәслихат депутаты Шаймағамбетов Әмірбек Бердібекұлы тұжырымдаманы іске асыру бағытындағы келелі ұсыныстарын айтып өтті.

Тұжырымдама маңызды міндеттерді жүктеп, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарға жаңа серпін берері анық. Бұл ретте Консультативтік - кеңесші органның мүшелері бұл бастамаға бірауыздан қолдау білдірді.

10 іс медиация тәртібімен аяқталды

Қазіргі таңда істі сотқа жеткізбей және сотта медиация тәртібімен шешу кең өріс алуда. Қармақшы аудандық сотында, бір апта ішінде 10 азаматтық іс медиация тәртібімен аяқталып, оңтайлы шешімін тапты.



Аталған 10 іс банк дауларына қатысты, яғни қарыз ақша өндіру туралы болды. Судья істерді қарау барысында тараптарға медиация тәртібінде татуласуға жеткізіліп, медиативтік процедураны өткізудің негіздері мен тәртібін және де дауды реттеу туралы келісімнің салдарын түсіндіріп берді. Істерді сотта қарау барысында татуластырушы судьяның көмегімен тараптар өзара татуласу келісіміне қол жеткізіп және бұл жасалған келісім сотпен бекітілді.

Сот процесінде болып жатқан көптеген істердің оңтайлы шешім табуына, сот өндірісіндегі істердің тоқтатылуына, шығындардың азаюына медиацияның тиігер септігі мол.

Қазіргі таңда аталған медиация рәсімі Қармақшы ауданында жүйелі жолға қойылған. Даулардың басым бөлігі бітімгерлердің және судья медиатордың көмегімен оңтайлы шешілуде.

Қармақшы аудандық соты

ПРОБАЦИЯ ЕСЕБІНДЕГІ АЗАМАТТАР МЕШІТ ИМАМЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қармақшы аудандық пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтардың діни сауаттылығын арттыру және экстремизмнің алдын алу мақсатында аудандық жастар ресурстық орталығы мен пробация қызметінің ұйымдастыруымен пробация есебіндегі сотталғандармен шара өтті. «Діни сауаттылық - қогам қауіпсіздігі» тақырыбындағы шараға 10-нан астам сотталған қатысты.

Кездесуде «Ораз ахун» мешітінің имамы А.Қали ислам діні, оның құндылықтары, дәстүрлері және жат ағымнан сақтану, діни сауаттылық туралы толығырақ айтып берді. Жастардың дін жолында адалау, орны толмас кателіктерге ұрынбау үшін діни білім деңгейлерін арттырып, дәстүрлі құндылықтарды сақтауымыз қажет, - деді мешіт имамы А.Қали.

Кездесу соңында пробация есебіндегі азаматтар өздерін толғандырып жүрген діни сұрақтарын қойып, мешіт имамынан тұщымды жауаптарын алды.

ҚОҒАМДАҒЫ КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕМЕН КҮРЕС БАРШАНЫҢ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлық – қоғамдағы ең қауіпті әлеуметтік құбылыстардың бірі. Кез келген дамыған қоғамда жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу бірден-бір күрделі және маңызды мәселе.

Осы орайда Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің №37 мекемесінде ҚАЖ департаменті бастығының орынбасары әділет подполковнигі Әбдіқайыров Жүніс Өтегенұлының төрағалығымен «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу, оның алдын алу, жемқорлық әрекеттерге бой алдырмау» тақырыбында кезекті жиын өтті. Жиынға мекеменің жеке құрам қызметкерлері қатысты.

Іс-шараның негізгі мақсаты, ҚАЖ саласына өз үлестерін қосып жүрген жеке құрам арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, заң

бұзушылықтарға жол бермеу. Жиынды департамент бастығының орынбасары әділет подполковнигі Жүніс Өтегенұлы ашып, қызметкерлердің өздеріне жүктелген қиын да жауапкершілігі мол қызметтерін зандылыққа сәйкес атқару қажеттігін, қызмет барысында тәртіп пен заңдылықты қатаң сақтауды, сонымен қатар, парасаттылық құндылықтарын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгешеліктерге тоқталып, басшылар бағынышты қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық қылмысын жасатпауға, оның алдын алуға міндетті екендігін жеткізді. Одан соң ҚАЖД – нің Өзіндік қауіпсіздік тобының жедел уәкілі әділет капитаны Р.Жамбылов ішкі істер органдарындағы тәртіптің, заңдылықтың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың

ағымдағы жылдың 1-тоқсанындағы жай – күйі туралы шолуымен таныстырды. Сонымен қоса ҚАЖ департаментінің кадр саясаты тобының бас маманы әділет майоры Ә.Беркінбеков баяндама жасады. Ол өз баяндамасында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрық талаптарына сәйкес, кешенді жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижесімен таныстырды. Кездесу соңында департамент бастығының орынбасары әділет подполковнигі Ж.Әбдіқайыров кадр саясаты тобына жеке құрам арасында тәртіпті нығайту және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік ахуалын қалыптастыру бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстарды тұрақты түрде жалғастыру жөнінде тапсырма берді.

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ ҰТЫП АЛДЫ

Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің Арал аудандық пробация есебіндегі С. есімді сотталған «Бастау Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негізінде Атамекен кәсіпкерлік палатасында оқытылып, мал шаруашылығын дамыту бойынша бизнес жобасын дайындап, 1 млн 380 мың теңге көлемінде мемлекет тарапынан қайтарымсыз грант ұтып алды.

«Біз секілді жаза басып, жаңылған азаматтарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіп, қайтарымсыз грант бөлініп жатқандығы бизнес жобамыздың жандануына септігін тигізгеніне өте қуаныштымын.

2022 жылдың қараша айынан бастап Арал аудандық пробация есебіне алындым. Тұрақты жұмысым болмаған соң жеке кәсіп ашсам деген ниетпен пробация қызметкерлерінен құқықтық көмек алып, нәтижесінде мемлекеттен қайтарымсыз грант ұтып алдым.

Мал шаруашылығымен айналысып, кәсіпімді жандандырсам деймін.

Жаза басып жаңылған уақытта қолдау көрсеткен, отбасыма да көмек бергім келеді. Пробация қызметкерлеріне де алғысым шексіз», дейді сотталған азамат. «Мемлекет тарапынан берілген қайтарымсыз гранттарға пробация есебіндегі азаматтар да белсенділік танытып, бизнес жобаларын дайындап комиссия мүшелеріне ұсынууда. Солардың ішінде осы сотталғанын бизнес жобасы мақұлданып, мемлекеттен қайтарымсыз грант берілді. Жаза басып жаңылған азаматтардың жеке кәсіпке бет бұруы бізді де қуантады», - деді аудандық пробация қызметінің бастығы Серік Сейталиев.

МӘМС

МӘМС ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ САУАЛДАРЫНА ЖАУАП БЕРІЛДІ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының тұрғындармен есептік кездесулері жалғасуда. Қармақшы ауданы Жосалы ауылында өткен жиынға аудан әкімінің орынбасары Жұлдызхан Ерқосаев, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҚЕАҚ облыстық филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов, облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шаймбетов, Қармақшы аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Бақытжан Нысанбаев қатысты.

Қармақшы ауданы, Төретам, Ақай елді мекендерінің 17 мыңға жуық тұрғыны міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылмаған. Көбінесе 12 ай бойы төлемі жоқ белсенді емес халық, сонымен қатар жұмысшылар, жеке кәсіпкерлер. Жалпы аудан халқының шамамен 18% МӘМС жүйесінен тыс қалды, деп хабарлады Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

«Егер сізге шұғыл медициналық көмек қажет болса, тегін медициналық көмек қызметтері қолжетімді. Жо спарлы медициналық көмекті, жоғары технологиялық медициналық қызметтерді, оналу емін, стационарлық көмекті,

күндізгі стационарда емделу және тағы басқаларын алу үшін «сақтандырылған» мәртебесіне ие болу қажет. Облыс халқының 60 пайыздан астамы мемлекет жарна төлейтін 15 жөнделікті санаттағы азаматтардың қатарында», - деп атап өтті Бақыт Исмаханбетов.

Кездесуде ауыл тұрғындары спикерге бірқатар сұрақтармен жүгініп.

МӘМС жүйесінің жөнделікті санаттары қатарында Ауғанстандағы соғыс ардагерлері бар ма? Спикердің айтуынша, «МӘМС туралы» Заңның 26-бабына сәйкес зейнетақы төлемдерін алушылар, оның ішінде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері МӘМС жарналарынан босатылған. Егер Ауған соғысына қатысушының мүгедегі болса, онда ол 15 жөнделікті санаттағы

азаматтардың қатарына кіреді.

Мен медициналық көмекке жүгінеймін, бірақ жұмыс беруші жалақыдан МӘМС-ға ай сайын қаражат аударды. Не үшін? Осы сұраққа жауап бере отырып, Бақыт Исмаханбетов барлық қазақстандықтар үшін медициналық сақтандыру жүйесінің маңыздылығын атап өтті. Бірыңғай қазынадан 18 жасқа дейінгі балаларға, студенттерге, мүмкіндігі шектеулі адамдарға, АӘК алушыларға, марапатталған көп балалы аналарға және тағы басқаларға емделуде қаражат бөлінеді. Яғни, медициналық сақтандыру біздің туыстарымыз бен жақындарымызға да қажет.

Егер қызметкер ұзақ мерзімді еңбек демалысына немесе жалақысы сақталмайтын демалысқа шықса, сақтандыру мәртебесін қалай жоғалтпауға болады? Спикердің айтуынша, МӘМС жүйесіндегі мәртебе соңғы жарнадан кейін үш ай бойы сақталады. Әрі қарай өзекті болып қалу үшін жарнаны өткізіп алған кезеңдер үшін дербес төлеуші ретінде төлеу қажет. Был ай сайынғы төлем 3 500 теңгені құрайды.

Кездесуді қорытындылай келе, ӘМСК-ның облыстық филиалының директоры Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры ең алдымен пациенттердің құқықтарын қорғауға бағытталған атап өтті.

МӘМС – ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАҒИДАТЫ

2020 жылдан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна төлеу міндетті болып табылады әрі жұмыс пен табыстың бар-жоғына қарамастан ай сайын төлем жасалуы тиіс. Алайда, мемлекет төлеушіге барлық кезеңді берешек деп қоймайды. Сақтандыру мәртебесін алу кезінде 12 айға төлем жасағаны ескеріліп, бұрын төленбеген барлық кезеңдері автоматты түрде жойылады, деп атап өтті Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Мемлекет азаматтардың әлеуметтік осал санаттарына кіретін 15 жөнделікті санаттағы, яғни 11 миллионнан астам адам үшін жарна төлейді. Бұл жүйенің әлеуметтік жауапкершілігін және халықтың денсаулығын қорғауға бағдарланғандығын дәлелдей түседі. Яғни:

* егер адамның жұмысы болмаса, ол «Жұмыспен қамту орталығында» жұмысы ретінде тіркеліп, 15 жөнделікті санаттағы кіре алады.

* егер адамның еш жерден табысы болмаса, ол АӘК алушы бола алады әрі 15 жөнделікті санаттағы кіре алады.

* әйелдер де жұктілік кезінде және босанған соң жөнделікті санаттағы кіреді.

* күндізгі оқу нысанының студенттері, зейнеткерлер, мүгедегіті бар адамдар, 18 жасқа дейінгі балалар – барлығы жөнделікті санаттағы кіреді, яғни олар үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді.

Д-есепте тұрған әлеуметтік маңызы бар және созылмалы аурулары бар пациенттер медициналық сақтандыру жүйесіндегі сақтандыру мәртебесіне қарамастан, тегін амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, ауру түрі бойынша барлық қажетті

медициналық көмекті алады.

Сондай-ақ Бақыт Исмаханбетовтың айтуынша, сақтандыру мәртебесінің болмауы адамды шұғыл медициналық көмек алу мүмкіндігінен айырмайды - жедел жәрдем шақыру және созылмалы аурулардың өршуі, қатты ауырсынуды, жарақаттар, ЖРВИ немесе COVID-19-ға күдік туындаған жағдайда өзінің немесе жақын маңдағы жасаманғын филтр кабинетіне жүгіне алады. Ол үшін мәртебенің болуы және Қорға жарна төлегені туралы ақпараттың керекі жоқ. Қажет болған жағдайда пациенттердің мәртебесінің бар-жоғына қарамастан шұғыл түрде операциялар жасалады, кейде оның бағасы өте қымбат болуы мүмкін.

Айта кетейік, 5 қыркүйектен бастап МӘМС-ға ешқашан төлем жасамаған немесе оны жүйелі түрде жасамаған дербес төлеушілер МӘМС-ға алдын ала төлем жасауға және өткен 12 айдағы жарналарды төлемей, бір жыл бұрын мәртебе алуға мүмкіндік алды. 2022 жылдың қыркүйегіне дейін өткен жылғы берешекті жаппай, сақтандыру мәртебесін алу мүмкін болмады.

ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ I ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті	Бердібаев Ерлан Құлақметұлы	Бердібаев Ерлан Құлақметұлы-Департамент басшысы	Сәрсенбі Сағат 16-00 ден 18-00 дейін	Қызылорда қаласы Д.Қонаев көшесі 7А	8724-2-270301
	Омаров Серік Серікбайұлы	Омаров Серік Серікбайұлы-Департамент басшысының орынбасары	Сейсенбі Сағат 17-00 ден 18-00 дейін	Қызылорда қаласы Д.Қонаев көшесі 7А	8724-2-270301

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті 8724-2-270301 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Қауіпті өндірістік объектілер үшін, оның ішінде құрылыс алаңдарындағы құрылыс қрандарының өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №359 бұйрығымен бекітілген «Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету» қағидаларына және басқада нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік - физикалық және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен қорғалу жай-күйі болып табылады. Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің негізгі мақсаты – қауіпті объектілердегі оқис оқиғалар мен авариялардың алдын алу және болдырмау бойынша іс-шараларды жүргізу болып табылады. Осы мақсатқа қолжеткізуге белгіленген талаптарға сәйкес келетін білікті мамандардың болуы да ықпал етеді. Қауіпті өндірістік объектінің сараптаудан өткізу және қауіпті өндірістік объектінің қауіпсіздігін декларациялау өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдарының бірі болып табылады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы объектінің белгіленген нормалар мен талаптарға сәйкестігін тексеру және растау үшін жүргізіледі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі – басқарушылық шешімдердің, нормалар мен рәсімдердің құрылымданған жиынтығы, солар арқылы тәуекелдерді болдырмау және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау қызметі жүзеге асырылып, дамиды. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі қауіпсіздіктің техникалық және ұйымдық қамтамасыз етілуін қамтиды және функционалдық деңгейде нақты жағдайларда жұмыстарды қауіпсіз жүргізу талаптарын сақталғанда құрал-жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына тұрақты өндірістік бақылау жүргізу қауіпті өндірістік объектілері бар әрбір ұйымның негізгі бағыты. Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне әсер ететін жағдайларды және бұзышылық себептерін айқындау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау міндеттері болып табылады.

Өткен 2022 жылы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы құрылыс алаңдарында құрылыс қрандарының құлауына байланысты оқиғалар жиі орын алғандығы белгілі. Осы орын алып отырған авариялар құрылыс алаңдарында қрандармен жұмыс істеу барысында, яғни құрылыс барысында қажет ететін материалдарды тиен-түсіру кезінде қрандардың құлауы салдарынан орын алған. Бұл дегеніміз жұмыс істеу барысында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтамау, қауіпті техникалық құрылғылардың моральдық және физикалық тозуы, жүк көтергіш механизмдермен жұмыс істейтін персоналдардың теориялық және

практикалық білімдерінің жетілдірілуінен және басшылық тарапынан бақылаудың болмауы, жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылмауынан туындайтын мәселелер болып табылады.

Осындай орын алып отырған авариялардың алдын алу және болдырмау мақсатында, «Елдің құрылыс объектілерінде өндірістік жарақаттанудың алдын алу және жүк көтергіш механизмдерінің (мұнара қрандары) операторларымен байланысты өлім жағдайларын азайту жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған жол картасы» бекітілді. Осы аталған Жол картасында көрсетілген мерзімдерде ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен тиісті іс-шаралар жүргізілуде.

Сонымен қатар алдағы уақытта қауіпті техникалық құрылғылардың, яғни жүк көтергіш механизмдердің иелері және жүк көтергіш механизмдерді жалға алып пайдаланушы ұйымдардың басшылары құрылыс алаңдарында және басқада өндіріс алаңдарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңын, «Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын» және т.б. қолданыстағы заңдылықтарды басшылыққа ала отырып, мынадай іс-шараларды тұрақты түрде жүзеге асырып отыру қажет:

- құрылыс алаңдарындағы жүк көтергіш механизмдердің техникалық жағдайына бақылауды күшейтеу;

- құрылыс объектілеріндегі жүк көтергіш механизмдерге тұрақты түрде мониторинг жүргізу;

- құрылыс алаңдарындағы жүк көтергіш механизмдердің нормативтік қызмет ету мерзімінің өтуіне байланысты экспертиза жүргізуді қатаң бақылауға алу;

- жүк көтергіш механизмдермен жұмыс істейтін персоналдардың практикалық және теориялық білімдерін үнемі жетілдіріп отыру;

- ұйымдағы қауіпті өндірістік нысандардағы технологиялық тоқтап қалу, апаттық жағдайдың алдын алу, хабарлау, жұмысын үйлестіру сонымен қатар болған апатты жағдайлардың залалын жою;

- ұйым еңбеккерлерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесі бойынша дайындығын ұйымдастыру, тексеру, аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру;

- өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайын жақсартуға және үшінші тұлғаларға, қоршаған ортаға келтірілетін зияндарды болдырмауға бағытталған шараларды әзірлеу;

- ұйымның өндірістік қауіпті нысандарында авариялар, қақтығыстар, технологиялық іркілістерді алдын ала ескертуге және оларды оқшаулау мен жоюға бағытталған жұмыстардың координациясы;

- ұйымның өндірістік қауіпті нысандарында қолданылатын тәжірибелер өткізуге, техникалық қондырғылар, энергетикалық жабдықтар, жөнделу және өлшеу бақылау құралдарына уақытылы бақылау;

- технологиялық тәртіпті сақтауды үнемі бақылауға ұстау және т.б.

Осы аталған талаптарды өндірістік қауіпсіздік объектілері бар кез - келген ұйым уақытылы орындап, бақылауға ұстап отырыса кез-келген уақытта оқис оқиғалар мен авариялардың алдын алуға, сонымен қатар ең біріншіден адам өмірін сақтап қалуға зор ықпалын тигізген болар еді.

А.Д. АКМИННІЯЗОВ,
ҚР ТЖМ ӨКҚ Қызылорда облысы бойынша Департаментінің бас маманы

2023 ЖЫЛДЫҢ I-ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНЫҢ ЖӘНЕ ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

р/с	Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Байланыс телефоны	Қабылдау күні мен уақыты
1	Күзембаев Ербол Қабаштайұлы	Департамент басшысы	23-38-09	әр аптаның сәрсенбісі, сағат 15.00-16.00-ге дейін
2	Тұрымтаев Қайрат Қазиханұлы	Департамент басшысының орынбасары	23-37-35	әр аптаның жұмасы, сағат 16.00-17.00-ге дейін
3	Әбенов Талғат Оразбекұлы	Департамент басшысының орынбасары	20-22-20	әр аптаның бейсенбісі, сағат 16.00-17.00-ге дейін

Мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Жалантөс Баһадүр көшесі, 2. Байланыс тел.: 8 (7242) 23-38-09.

E-mail: fink.kyzyl@mail.gov.kz

2023 ЖЫЛҒЫ II ТОҚСАНДАҒЫ СЫРДАРИЯ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР МЕН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты – жөні, тегі	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Сырдария аудандық экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ахетов Ерлан Дәуітбекұлы	Бөлім басшысы	Жұма 15.00 – 18.00	Теренөзек кенті, Д.Қонаев көшесі, №9Б	21-1-84

«БЕКТЕМІН» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаментінің басшысы
Ә.Дүйсенбаев
« _____ » 2023 жыл

2023 жылғы II тоқсанда Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаментінің басшыларының азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті	Дүйсенбаев Әуезбек Сейткамалұлы	Дүйсенбаев Әуезбек Сейткамалұлы басшы	Сәрсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰	Қызылорда қаласы Д. Қонаев көшесі, 7А	8724-2-262362
	Ескараев Әділбек Тайжанұлы	Ескараев Әділбек Тайжанұлы басшының орынбасары	Сейсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-262140
	Мырза Қанат Әзімханұлы	Мырза Қанат Әзімханұлы басшының орынбасары	Дүйсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-274959
	Оспанов Тимур Ермекұлы	Оспанов Тимур Ермекұлы басшының орынбасары	Бейсенбі Сағат 16 ⁰⁰ -18 ⁰⁰		8724-2-262201

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда облысының Қазынашылық департаменті (8724) 26-17-84 «сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды. Аудандық, қалалық қазынашылық басқармалар бойынша: Арап (8724-33)22384, Қазалы (8724-38)22101, Байқоңыр (8336-2)273818, Қармақшы (8724-37)21443, Сырдария (8724-36)21351, Жалағаш (8724-31)31831, Шиелі (8724-32)41067, Жаңақорған (8724-35)22083.

Әкімшілік-құқықтық бөлімінің басшысы

Б.Демесінов

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар
Жақшыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова
Жанар
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Байтұрсынов көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 5920 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №77

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/